

## **ЖЕКЕ ОҚУ ЖОСПАРЫН ТОЛТЫРУҒА АРНАЛҒАН НҰСҚАУЛЫҚ**

*Жеке оқу жоспары (ЖОЖ) Сіздің мамандығыңызға сәйкес университет сайтындағы жалпы оқу жоспары негізінде жасалады. ЖОЖ-ға жалпы оқу жоспарды және де сол жалпы жоспардың сайттағы сілтемесін қоса тіркеу қажет. Студент ЖОЖ-ды электронды түрде толтырып, басып шығарып, эдвайзер тарапынан қол қойдырып, скан жасалған түрін кураторына жіберуі тиіс.*

*ЖОЖда міндетті түрде жазылу керек белгілер:*

- толтырылған күні;*
- Студенттің аты жөні;*
- ЖОО аты;*
- бағдарлама (MA/MSc/MEng – сәйкесінің астын сызып көрсету );*
- мамандық (с концентрацией в случае наличия);*
- деңгей алу үшін көрсетілген минималды кредит саны – жалпы оқу жоспарына сәйкес болуы қажет (оқу ауыртпалығын теңдей бөлу мақсатында кредиттерді семестрлерге бөлу керек);*
- жоспарланған оқу бағдарламасын толық аяқтау мерзімі;*
- басқа ЖОО нан берілген кредиттер және де олар университет жүйесіне қабылданған ба;*
- Эдвайзердің аты жөні және байланыстары;*
- бос бағандар мен жолдарды алып тастаңыз.*

*Семестр басталатын және аяқталатын мерзімін университеттің жалпы оқу жоспарына сәйкес көрсету қажет (егер нақты мерзім анық болмаған жағдайда – міндетті түрде жылын және айын көрсетіңіз).*

*Семестр аяқталатын күнін емтихан өтетін кезеңдерін ескере отырып көрсету керек.*

*Егер жалпы оқу жоспарында міндетті жазғы семестрлер немесе тағылымдамалар қарастырылса, онда оны ЖОЖ-ға қажетті бағандарды қосу арқылы көрсету керек.*

*Жүктемені бөлу кезінде оқу мерзімі сіздің оқуыңызды ұйымдастыру туралы келісім шартта көрсетілген уақыттан аспауы керек екенін ескеру қажет.*

*Егер сіз пән бойынша «Fail» алсаңыз, ХБО оны қайта тапсыруға төлем жасамайды.*

*Мұндай пәнді сіз оқу жоспарында көрсетілген жалпы оқу мерзімінен аспайтындай және өз есебіңізден «Retake» деп қайта тапсыруыңыз керек;*

- Осы ЖОЖ-ға қол қою арқылы сіз оны бүкіл оқу мерзімі кезеңінде алып жүруге міндеттенесіз. Қаржыландыру осы жеке оқу жоспарына сәйкес жүзеге асырылады (ХБО дәреже алуға қажетті ең аз несие санын төлейді);
- ЖОЖ бір мәрте бекітіледі.
- ХБО рұқсатынсыз бекітілген жеке оқу жоспарына ешқандай өзгерістер енгізуге болмайды.
- ЖОЖ бір мәрте бекітіледі.
- ХБО рұқсатынсыз бекітілген жеке оқу жоспарына ешқандай өзгерістер енгізуге болмайды.